

**Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 ақпан N 232. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1107 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 133 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары - мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары - мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы" мемлекеттік мекемесі және шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мамандандырылған гравиметрикалық кәсіпорны" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің қарамағына берілсін.

4. Қазақстан Республикасы, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 тамыздағы N 1158

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 355-құжат);

2) "Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 245 қаулысының 2 және 3-тармақтарының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 7, 91-құжат);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 793 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 278-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

1 5

а қ п а н д а ғ ы

N

2 3 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің  
Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі құзыретінің шегінде жер қойнауын геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану саласында арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жер қойнауын қорғау саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің мынадай аумақтық органдары бар: Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары.

2. Комитет өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі мен

мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкісі, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға қабылданады.

Комитеттің мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапынан сөйлеуге, егер ол заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

475000 Көкшетау қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 1.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәні ретінде комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға енуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыратын құқық берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары**

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану жөніндегі қатынастарды мемлекеттік реттеу;

3) жер қойнауының жай-күйін тұрақты жақсартуды және қорғауды және оларды пайдаланудың теңгерімділігін қамтамасыз ету;

4) минералдық ресурстарды және жер қойнауын қорғауды геологиялық зерделеу, ұтымды және кешенді пайдалану бағдарламаларының негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

5) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауы туралы заңнаманы және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

11. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге

а с ы р а д ы :

1) жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) жер қойнауын пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру жөніндегі ұ с ы н ы с т а р д ы е н г і з е д і ;

3) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған құқықты беру үшін кен орындары мен аумақтардың тізбесін белгілейді;

4) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге, жер асты суларын өндіруге, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес, жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану қ ұ қ ы ғ ы н б е р е д і ;

5) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдаланушыларымен жасасатын келісім-шарттарды келісуді жүргізеді;

6) жер қойнауын пайдалану мониторингін ұйымдастырады және жүзеге а с ы р а д ы ;

7) жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестердің мониторингін қоса алғанда, жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асырады, жер қойнауының жай-күйі мониторингінің бірыңғай ақпараттық компьютерлік ж ү й е с і н ж а с а й д ы ;

8) жер қойнауы туралы геологиялық ақпараттың республикалық және аумақтық қорларының жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

9) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы сандық ақпараттың бірыңғай жүйесін тиімді пайдалануды ұйымдастырады;

10) республикалық және аумақтық геологиялық бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады және орындалу барысын бақылайды;

11) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қоса алғанда, мемлекеттік мұқтаждық үшін геологиялық-зерттеулердің жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырыстың функцияларын жүзеге асырады;

12) өз құзыретінің мәселелері бойынша жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуді, жер қойнауын мониторингін, жер қойнауын қорғауды және басқа да мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті мемлекеттік бюджеттік қаржылардың көлемін негіздейді;

13) геологиялық, геофизикалық, геохимиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық ұстаудың мемлекеттік карталарын құрастыру, шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

14) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторингін жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттамаларды, пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелері туралы пайдалы қазбалардың

қорларын, геологиялық және экономикалық ақпаратты мемлекеттік сараптауды ұйымдастырады, пайдалы қазбалардың қорын бекітеді;

15) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімін, кен орындарының мемлекеттік кадастрын және пайдалы қазбалардың көрінісін, жер қойнауына зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтар мен сарқынды сулар қашыртқысын көмуді, қауіпті геологиялық процестерді құрастыруды ұйымдастырады және ж ү р г і з е д і ;

16) жер қойнауы туралы геологиялық ақпаратты алудың тәртібін және ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а й д ы ;

17) пайдалы қазбалар кен орындарының ашылуына байланысты мәселелерді қ а р а й д ы ;

18) өз қызметі саласында заңнаманы қолдану практикасын талдайды және жинақтайды, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді, өзінің құзыреті шегінде заңнамалық жобаларды және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді д а й ы н д а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

19) өз құзыреті шегінде халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді, халықаралық шарттардың (келісімдердің) жобаларын д а й ы н д а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

20) өзіне заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі міндеттерді іске асыруы және өзінің функцияларын жүзеге асыруы үшін:

1) өз құзыретінің мәселелері бойынша барлық ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық к е с і м д е р д і қ а б ы л д а у ғ а ;

2) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге, жер асты суларын өндіруге, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес, жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану қ ұ қ ы ғ ы н б е р у ғ е ;

3) жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау тәртібін бұзушылықтарды жою шараларын қабылдауға;

4) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушыларының жер қойнауы туралы заңнаманың талаптарын және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауға бақылауды жүзеге асыруға;

5) өзінің құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жаза қолдануға;

6) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан, сондай-ақ азаматтардан жер қойнауын пайдалануға қатысты құжаттарды, мәліметтерді, қажетті материалдар мен ақпаратты сұрауға және алуға;

7) өзінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының және басқа да

елдердің ұйымдарымен келіссөздер жүргізуге және шарттар жасасуға;

10) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыруға;

11) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау үшін мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тартуға, мемлекеттік геологиялық сараптаманы жүргізу үшін сарапшыларды тартуға;

12) жер қойнауын пайдаланушылардан жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдердің шарттарын орындау жөніндегі есеп-қисапты тұрақты және іріктеп сұрауға және олардың орындалуына тексеру жүргізуді жүзеге асыруға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Комитеттің мүлкі**

13. Комитет оқшауландырылған мүлікті жедел басқару құқығына ие.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитет өзіне бекітілген мүлікті өздігінен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иеленуге құқылы емес.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

### **4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру**

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның үш орынбасары, оның ішінде Төрағаның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бір бірінші орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапкершілік алады.

18. Осы мақсаттармен Төраға:

1) өзінің орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңнамаға сәйкес Комитеттің қызметкерлері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленгеннен басқа жағдайларда, Комитеттің қызметкерлері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларына заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады.

4) бұйрықтарға қол қояды;



қорғау министрлігі Геология және !қорғау министрлігі Геология және  
жер қойнауын қорғау комитетінің !жер қойнауын қорғау комитетінің  
қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік!мемлекеттік мекемелерінің атауы  
м е к е м е л е р і н і ң а т а у ы !

---

"Батқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан!"Батқазжерқойнауы" Батыс  
жер қойнауын қорғау және пайдалану!Қазақстан жер қойнауын қорғау  
аумақтық басқармасы !және пайдалану аумақтық  
б а с қ а р м а с ы

---

"Солтқазжерқойнауы" Солтүстік !"Солтқазжерқойнауы" Солтүстік  
Қазақстан жер қойнауын қорғау және!Қазақстан жер қойнауын қорғау  
пайдалану аумақтық басқармасы !және пайдалану аумақтық басқармасы

---

"Ортқазжерқойнауы" Орталық Қазақстан!"Ортқазжерқойнауы" Орталық  
жер қойнауын қорғау және пайдалану !Қазақстан жер қойнауын қорғау  
аумақтық басқармасы !және пайдалану аумақтық  
б а с қ а р м а с ы

---

"Шығқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан !"Шығқазжерқойнауы" Шығыс  
жер қойнауын қорғау және пайдалану !Қазақстан жер қойнауын қорғау  
аумақтық басқармасы !және пайдалану аумақтық  
б а с қ а р м а с ы

---

"Оңтүсқазжерқойнауы" Оңтүстік !"Оңтүсқазжерқойнауы" Оңтүстік  
Қазақстан жер қойнауын қорғау және !Қазақстан жер қойнауын қорғау  
пайдалану аумақтық басқармасы !және пайдалану аумақтық  
б а с қ а р м а с ы

---